

"Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқауын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 16 ақпандығы № 68 бұйрығына езгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 26 ақпандығы № 129 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 30 наурызда № 10575 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 30 қарашадағы № 629 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2016 № 629 бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқауын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 16 ақпандығы № 68 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5574 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқауында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тұсімдердің атқарылуы кезінде және бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру кезінде бюджеттік мониторинг міндеттері:

тұсімдердің атқарылуын талдау;

жоспарлы тағайындауларды және төленген міндеттемелерді (кассалық шығыстар) салыстыру жолымен бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджет қаражатын игеруін талдау;

төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына (бұдан әрі – төлемдер бойынша жоспар) сәйкес төлемдердің уақтылы жүргізілмеу және міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспарларына (бұдан әрі - міндеттемелер бойынша жоспар) сәйкес міндеттемелердің уақтылы қабылданбау себептерін анықтау болып табылады.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Бюджет шығыстары атқарылуының бюджеттік мониторингін респубикалық және тиісті жергілікті бюджеттердің атқарылуы жөніндегі бюджеттік есептілік және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері беретін ақпарат негізінде бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар жүзеге асырады.

Бюджет қаражатын игермеуге:

төмен тұрған бюджеттер жергілікті атқарушы органдарының жоғары тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы трансфертерді игермеу сомасы;

республикалық немесе облыстық бюджеттен бөлінген нысаналы трансфертердің, бюджеттік кредиттердің пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) сомасын қайтару;

мемлекеттік қаржылық бақылау органының актісіне сәйкес нысаналы трансфертер мен бюджеттік кредиттердің мақсатқа сай пайдаланылмаған сомасын қайтару;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалануға бағытталған бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бойынша бекітілген (нақтыланған) бюджетте көзделген шығыстар толық бөлінбegen жағдайда, сондай-ақ шартты қаржыландырылатын шығыстар үшін бөлінбegen сома бюджеттің атқарылмауы болып табылмайды;

квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы пайдаланылмаған қаражат қалдықтары жатпайды.

Жүргізілген бюджеттік мониторинг негізінде бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар ай сайын есепті айдан кейінгі айдың алғашқы бес жұмыс күні ішінде осы Нұсқауға 7-қосымшаға сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне міндеттемелер бойынша жоспарға сәйкес бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша қабылданбаған міндеттемелер және төлемдер бойынша жоспардың уақтылы орындалмауы туралы ескерту ақпаратты жібереді.";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері есепті айдан кейінгі айдың алғашқы жеті күнінен кешіктірмей бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдарға "Бюджеттің атқарылуы туралы мерзімді есептілікті қалыптастыру" кіші жүйесінің БПМ бағдарламасында қалыптастырылған бюджеттік бағдарламаларды іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы есепті ұсынады. Аталған есепте әрбір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша төлемдер бойынша жоспарлардың орындалмау себептері және қаржыландыру жоспарларының орындалмауына әкеп соқтырған факторларды көрсете отырып, міндеттемелер бойынша жоспарға сәйкес міндеттемелерді уақтылы қабылдамау себептері егжей-тегжей толтырылады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаландың және астанандың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі 15-і күнінен кешіктірмей бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органдарға осы Нұсқауға 9-қосымшаға сәйкес бюджеттік мониторинг нәтижелері бойынша жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы талдамалы есепті ұсынады.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары ай сайын есептіден кейінгі 10-ы күнінен кешіктірмей облыстың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органына осы Нұсқауға 9-қосымшаға сәйкес бюджеттік мониторинг нәтижелері бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің атқарылуы туралы талдамалы есепті ұсынады.

Төлемдер бойынша жоспарлардың орындалмау және міндеттемелер бойынша жоспарға сәйкес міндеттемелердің уақтылы қабылданбау себептері объективті және субъективті себептерге ажыратылады.";

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне тәуелді емес объективті себептерге мыналар жатады:

мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша қаражатты үнемдеу;

еңбекақы төлеу қоры (бұдан әрі – ЕТК) бойынша үнемдеу (бос лауазымдардың болуы, ақысыз демалыстар беру және еңбекке уақытша жарамсыздық парактары бойынша, әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар бойынша төлемдер, банк қызметтеріне ақы төлеу есебінен ағымдағы шығындар бойынша үнемдеу);

ол бойынша Үкіметтің шешімдері қабылданбаған бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бойынша бөлінбеген қалдық;

өзге объективті себептер (бағамдық айырма, форс-мажорлық жағдайлар (көзделуі, қандай да болмасын іс-шаралармен алдын алуы немесе жойылуы мүмкін емес жағдайлар), бағаның және тұтынудың заттай қөлемінің өзгеруі есебінен қалыптасқан түгел пайдаланылмаған қаражат қалдығы, бюджет қаражатын алушылардың жоспарланғанға қарағанда іс жүзіндегі санының азауы, кредиттер, қарыздар бойынша сыйақы (мұдде) мөлшерлемесінің өзгеруі, іссапарлар кестесінің өзгеруі, жол жүру, іс-шаралар өткізу мерзімінің ауысуына байланысты өзге ағымдағы шығындар бойынша іс-шаралар жоспарының өзгеруі, сotta мемлекеттің мұддесін қорғау жөніндегі талап-арыз жұмыстарын жүргізу, тиісті бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қаражатының жеткіліксіздігіне байланысты бюджеттен қаражат жеткіліксіз қаржыландырылған жағдайда).";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Субъективті себептерге мыналар жатқызылады:

мемлекеттік сатып алу бойынша өтпей қалған конкурстар;

бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаны тиімді басқармауы (конкурстық рәсімдерді уақтылы өткізбеу (өткізбеу), конкурстық рәсімдерді өткізу мерзімдерін ауыстыру, шарттар жасаспау, шарттарды жасасу және оларды казынашылық органдарында тіркеу рәсімдерін ұзак жүргізу),

қаржыландыру жоспарына өзгерістер енгізу қажеттілігі, төлем құжаттарын ұзақ келісу, бюджет қаражатының талап етілмеуі, көтеріңкі құндық және сандық көрсеткіштер, қажетті бюджеттік ресімдерді уақтылы жүргізбеу, жылдық жоспарларды негіzsіз айлар бойынша бөлу, бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөнінде нормативтік құқықтық актілерді уақтылы қабылдамау, жоспарланған іс-шараларды уақтылы өткізбеу, әкімшінің төлемдерді жүргізу бойынша құжаттарды дұрыс ресімдемеуі);

орындалмаған шарттық міндеттемелер (өнім берушілердің шарт талаптарын бұзыу, өнім берушілердің тауарларды жеткізбеуі (уақтылы, жиынтықтан жеткізбеуі), жұмыстарды жүргізу (қызметтерді көрсету) кестесінен артта қалу, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) берушілердің орындалған жұмыстар актілерін, шот-фактураларды, нарықты талдауды уақтылы бермеуі);

өзге субъективті себептер.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Осы Нұсқаудың 8-қосымшасында көрсетілген бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы есеп ББМ бағдарламасын қолдана отырып жасалады және былайша толтырылады:

1) 1-12, 14, 15-бағандарды бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері толтырмайды (осы бағандардың мазмұны ББМ-тен автоматты түрде алынатын болады) және түзету құқығынсыз оку режимінде пайдаланылатын болады;

2) 13-бағанда бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджет шығыстары жөніндегі бір жылдағы күтілетін атқарылу әрбір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша 1 қазандағы жағдай бойынша және ағымдағы жылдың соңына дейінгі бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы есептен бастап көрсетеді;

3) 16-бағанда 17-20-бағандарда қалыптасқан жалпы сома көрсетіледі;

4) 17–20-бағандарда бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Нұсқаудың 26-тармағында жазылған, бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне тәуелді емес объективті себептер бойынша қалыптасқан соманы көрсетеді;

5) 21-бағанда 22-25-бағандарда қалыптасқан жалпы сома көрсетіледі;

6) 22 – 25-бағандарда бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Нұсқаудың 27-тармағында жазылған субъективті себептер бойынша қалыптасқан жалпы соманы жеке көрсетеді;

7) 26, 27-бағандарда бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ай сайын төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) жоспарының орындалмау және есепті кезеңде міндеттемелердің уақтылы қабылданбау немесе қабылданбау себептерін көрсетеді.";

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Осы Нұсқаудың 12-қосымшасында көрсетілген облыстық бюджеттерге, Алматы және Астананың қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттердің, нысаналы даму трансферттері мен кредиттердің іске асырылу мониторингінің нәтижелері туралы есеп пен осы Нұсқаудың 13-қосымшасында көрсетілген облыстық бюджеттерге, Алматы және Астананың қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер мен кредиттердің іске асырылуы туралы талдамалы есеп "Нысаналы трансферттерді қалыптастыру" модулінде ББМ бағдарламасын пайдалана отырып жасалады.

10, 11, 12 және 13-қосымшалар былайша толтырылады:

1) 1-7-бағандар толтырылмайды (осы бағандардың мазмұны ББМ-тен автоматты түрде берілетін болады) және түзету құқығынсыз оқу режимінде пайдаланылатын болады;

2) 8-бағанда - республикалық бюджеттен есепті кезеңге бөлінген сома, 9-бағанда - есепті кезеңге жергілікті бюджеттердің төлемдері бойынша жоспар, 10-бағанда - қазынашылық органдарында қабылданған міндеттемелер, 11-бағанда – төленген міндеттемелердің сомасы, 12-бағанда – төленбекен міндеттемелердің сомасы, 13-бағанда – 9 айдың қорытындыларынан бастап және қаржы жылының аяғына дейін бір жылдық қаржыландыру жоспарын атқарудың күтілетін сомасы, 14-бағанда - республикалық бюджеттен есепті кезеңде бөлінген соманың атқарылу пайызы көрсетіледі;

3) 15-бағанда республикалық бюджеттен есепті кезеңде бөлінген соманың атқарылмау сомасы көрсетіледі;

4) 16-бағанда бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне тәуелді емес объективті себептер бойынша қалыптасқан атқарылмау сомасы көрсетіледі;

5) 17-бағанда мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша қалыптасқан қаражатты үнемдеу сомасы көрсетіледі;

6) 18-бағанда ЕТК бойынша үнемдеу сомасы көрсетіледі;

7) 19-бағанда Нұсқаудың 26-тармағында жазылған өзге объективті себептер көрсетіледі;

8) 20-бағанда 21-24-бағандарда қалыптасқан жалпы сома көрсетіледі;

9) 21–24-бағандарда Нұсқаудың 27-тармағында жазылған субъективті себептер бойынша қалыптасқан жалпы сома жеке көрсетіледі;

6) 25-бағанда республикалық бюджеттен есепті кезеңде бөлінген соманың атқарылмау себептері егжей-тегжейлі сипатталады.";

44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"44. Осы Нұсқауға 14-қосымшада көрсетілген өткен қаржы жылындағы бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы есеп былайша толтырылады:

"Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды мен атауы" деген жолда бірыңгай бюджеттік сыныптамаға сәйкес бюджеттік бағдарлама әкімшісінің толық атауы және оның коды көрсетіледі;

"Бюджеттік бағдарламаның коды мен атауы" деген жолда бірыңгай бюджеттік сыныптамаға сәйкес бюджеттік бағдарламаның коды және атауы көрсетіледі;

"Бюджеттік бағдарламаның түрі" деген жолда "мемлекеттік басқару деңгейіне қарай", "мазмұнына қарай", "іске асыру тәсіліне қарай" "ағымдағы/даму" деген жолдар бойынша бекітілген бюджеттік бағдарламаның деректері көрсетіледі;

1-кестеде:

"Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген бағанда бюджеттік бағдарламаның міндеттерін шешуге бағытталған негізгі іс-шаралар (іс-қимылдар) көрсетіледі;

"Жоспарланған іс-шараларға қол жеткізе алмау себептері" деген бағанда орындалмаған (түгел орындалмаған) іс-шаралар, олардың орындалмау (түгел орындалмау) себептері көрсетіледі;

2-кестеде:

"Тікелей нәтиже көрсеткіші" деген жолда қол жеткізілуі осы функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыратын ұйымның қызметіне немесе көрсететін қызметіне толық тәуелді болатын, көзделген бюджет қаражаты шегінде орындалатын мемлекеттік функциялар, өкілеттіктер және көрсетілетің қызметтер көлемінің сандық сипаттамасы көрсетіледі.

Жоғары тұрған бюджеттен бөлінетін нысаналы даму трансфертері есебінен іс-шараларды іске асыруға бағытталған жергілікті бюджеттік бағдарламалар бойынша тікелей нәтиже көрсеткіштері жергілікті бюджеттік инвестициялар бөлінісінде көрсетіледі;

"Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері" деген жолда халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасының нысаналы жай-күйінің (жай-күйінің өзгеруі), әлеуметтік саланың, экономиканың, қоғамдық қауіпсіздіктің және басқа да мемлекеттік органдардың қызметімен белгілі бір мемлекеттік орган қызметінің тікелей нәтижелеріне қол жеткізуге негізделген мемлекеттік басқарудың басқа да салаларының (аяларының) көрсеткіштері келтіріледі;

"Сапа көрсеткіштері" деген жолда бюджеттік бағдарламаны іске асыру шеңберінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтің оны алушылардың үміттенулеріне және мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкестігі дәрежесін көрсететін көрсеткіштер көрсетіледі;

"Тиімділік көрсеткіштері" деген жолда бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, ең үздік тікелей нәтижеге қол жеткізу дәрежесін

немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдалана отырып, тікелей нәтижеге қол жеткізуді көрсететін көрсеткіштер келтіріледі;

"Бюджет қаражатының көлемі" деген жолда осы бюджеттік бағдарлама бойынша бюджет қаражатының көлемі мың теңгемен көрсетіледі.";

8, 9, 10, 11, 12 және 13-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5 және 6-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

14-қосымша осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті (З. А. Ерназарова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдары мен "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында осы бұйрықтың орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оны алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап екі ай өткеннен кейін қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 46, 50, 51, 52, 53, 54, 55 және 72-абзацтарын қоспағанда, мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
2015 жылғы 26 ақпандығы
№ 129 бұйрығына
1-қосымша
Бюджеттік мониторинг
жүргізу нұсқауына
8-қосымша

нысан

**200 _____ жылғы _____ жағдай бойынша
бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды)
іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы есеп**

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

Бюджеттің түрі

Есепті кезең

Өлшем бірлігі

мың тенге

Коды		Атауы	Бір жылға арналған жиынтық қаржыландыру жоспары	Есепті кезеңге арналған жиынтық қаржыландыру жоспары		Кабылданған міндеттемелер	Төленген міндет темелер	A 9 ./ 1
ББЭ	Бағдарлама	Кіші бағдарлама		міндеттемелер бойынша	төлемдер бойынша			
1	2	3	4	5	6	7	8	9
			Барлығы					
			оның ішінде:					
			ЕТҚ бойынша үнемдеу	x	x	x	x	x
			Бағамдық айырма	x	x	x	x	x
			Ағымдағы бағдарламалар					
			...					
			Д а м у бағдарламалары					
			...					

Кестенің жалғасы

Ескеरту: * 13-бағанды бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ағымдағы жылғы 9 айдың қорытындысынан бастап ағымдағы жылдың соңына дейін толтырады.

Орталық атқарушы органның жауапты хатшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы орган жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген _____ лауазымды тұлға)/мемлекеттік мекеме (қолы) (қолды таратып жазу) басшысы

Қаржы қызметінің басшысы _____ (қолы) (қолды таратып жазу)

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 26 ақпанды
№ 129 бұйрығына
2-қосымша
Бюджеттік мониторинг
жүргізу нұсқауына
9-қосымша

нысан

200 _____ жылғы _____ жағдай бойынша бюджеттің атқарылуы туралы талдамалы есеп

Бюджет түрі _____

Мерзімділігі ***

мың. теңге

Коды			Атауы	Бір жылға арналған жиынтық қаржыландыру жоспары	Есепті кезеңге арналған жиынтық қаржыландыру жоспары		Кабылданған міндеттемелер	Төленген міндеттемел
ББӘ	Бағдарлама	Кіші бағдарлама			міндеттемелер	төлемдер		
1	2	3	4	5	6	7	8	9
			Барлығы					
			оның ішінде:					
			Ағымдағы бағдарламалар					
			...					
			Даму бағдарламалары					
			...					

кестенің жалғасы

оның ішінде

	оның ішінде				Субъективті себептер	оның ішінде		
	мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша үнемдеу	Е Т К бойынша үнемдеу	Үкіметтің шешімдері қабылдан баған болінетін бюджеттік бағдарламалар бойынша бөлінбеген қалдық	өзге объективті себептер		мемлекеттік сатып алу бойынша отпеген конкурс тар	Б Б Э бюджеттік бағдарламаны тиімді басқармауы	орындашартты міндетт
16	17	18	19	20	21	22	23	24
x	x	x	x	x	x	x	x	x
x	x	x	x	x	x	x	x	x

Ескерту: * 13-баған а.ж. 9 айдың қорытындысынан бастап және ағымдағы жылдың соңына дейін толтырылады

*** осы Нұсқаудың 23-тармағына сәйкес есепті тоқсан сайын ұсыну үшін; осы Нұсқаудың 25-тармағына сәйкес есепті ай сайын ұсыну үшін

Бюджетті атқару жөнінде уәкілетті орган құрылымдық бөлімшесінің басшысы _____

(қолы) (қолды таратып жазу)

Қазақстан Республикасы
 Қаржы министрінің
 2015 жылғы 26 актандығы
 № 129 бұйрығына
 3-қосымша
 Бюджеттік мониторинг
 жүргізу нұсқауына
 10-қосымша

нысан

жылғы жағдай бойынша жергілікті бюджеттен бөлінген және респубикалық бюджеттен бөлінген трансфертер есебінен іске асырылатын нысаналы ағымды трансфертерді,

нысанаалы даму трансферттерін және кредиттерді іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы жергілікті бюджеттік бағдарлама экімшісінің есебі

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі: _____

Бюджеттің түрі: _____

Мерзімділігі: ай сайын

МЫҢ ТЕНГЕ

ББЭ	Бағдарлама	оның ішінде инвест жоба	Атауы	РБ ____ ж. бекітілген бюджет	РБ ____ ж. нақтыланған бюджет	РБ ____ ж. түзетілген бюджет	ЖБ бөлінген және есепті кезеңде республикалық бюджеттен бөлінетін трансферттердің есебінен іске асырылатын	Есепті кезеңге ЖБ төлемдері бойынша қаржыландыру жоспары	Кағ мін
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
		Нысаналы трансферттердің барлығы							
		оның ішінде:							
		Ағымдағы бағдарламалар							
		...							
		Д а м у бағдарламалары							
		...							
		Кредиттер							

кестенің жалғасы

Жергілікті бюджеттік бағдарлама
екімшісінің басшысы _____
(қолы) (Т.А.Ә. қолды таратып жазу)
Қаржы қызметінің басшысы _____
(қолы) (Т.А.Ә. қолды таратып жазу)

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 26 ақпандығы
№ 129 бүйрекіне
4-косымша
Бюджеттік мониторинг
жүргізу нұсқауына
11-косымша

нысан

_____ жылғы жағдай бойынша облыстық бюджеттен бөлінген
және респубикалық бюджеттен берілетін трансфертер есебінен
іске асырылатын нысаналы ағымды трансфертерді, нысаналы даму
трансфертерін және кредиттерді іске асыру мониторингінің
нәтижелері туралы аудандардың, облыстық маңызы бар
қалалардың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органының есебі

Аудан (облыстық маңызы бар қала) атауы: _____

Бюджеттің түрі: _____

Мерзімділігі: ай сайын

мың теңге

ББӘ	Бағдарлама	оның ішінде инвест жоба	Атауы	РБ ____ ж . бекітілген бюджет	РБ ____ ж. нақтыланған бюджет	РБ ____ ж. түзетілген бюджет	ЖБ бөлінген және есепті кезеңде респубикалық бюджеттен бөлінетін трансфертердің есебінен іске асырылатын	Есепті кезеңге ЖБ төлемдері бойынша каржыландыру жоспары	Кағ мін
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
			Нысаналы трансфертердің барлығы						

	оның ішінде:				
	Ағымдағы бағдарламалар				
	...				
	Д а м у бағдарламалары				
	...				
	Кредиттер				

кестенің жалғасы

Орындалу , % (11-б./ 8-б.*100)	Атқарылмау сомасы (11-б.-8-б.)	оның ішінде										
		Объективті , бюджеттік бағдарлама әкімшісіне тәуелді емес себептер	мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша үнемдеу	Е Т К бойынша үнемдеу	өзге объективті себептер	Субъективті себептер	оның ішінде	мемлекеттік сатып алу бойынша өтпеген конкурстар	Б Б Ә бюджеттік бағдарламаны тиімді басқармауы	ор ш: мі		
14	15	16	17	18	19	20	21	22	23			

Ауданың, облыстық маңызы бар қаланың
бюджетті атқару жөніндегі
уәкілетті органының басшысы _____
(қолы) (Т.А.Ә. қолды таратып жазу)

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2015 жылғы 26 актандығы

№ 129 бұйрығына

5-қосымша

Бюджеттік мониторинг

жүргізу нұсқауына

12-қосымша

нысан

жылғы жағдай бойынша республикалық бюджеттен
бөлінген нысаналы ағымды трансфертерді, нысаналы даму
трансфертерін және кредиттерді іске асыру
мониторингінің нәтижелері туралы облыстың, республикалық маңызы
бар қаланың және астананың бюджетті
атқару жөніндегі уәкілетті органдының есеби

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың атауы _____

Бюджет түрі: _____

Мерзімділігі: ай сайын

МЫҢ ТЕНГЕ

ББЭ	Бағдарлама	оның ішінде инвест жоба	Атауы	РБ ____ ж. бекітілген бюджет	РБ ____ ж. нақтыланған бюджет	РБ ____ ж. түзетілген бюджет	РБ есепті кезеңде бөлінгендігі	Есепті кезенге ЖБ төлемдері бойынша қаржыландыру жоспары	Қабылд міндетт
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
			Нысаналы трансфертердің барлығы						
			оның ішінде:						
			Ағымдағы бағдарламалар						
			...						
			Д а м у бағдарламалары						
			...						
			Кредиттер						

кестенің жалғасы

Облыстың, респубикалық маңызы
бар қаланың және астананың бюджетті атақару
жөніндегі уәкілетті органының басшысы _____
(қолы) (Т.А.Ә. қолды таратып жазу)

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 26 акпандагы
№ 129 бұйрығына
6-қосымша
Бюджеттік мониторинг
жүргізу нұсқауына
13-қосымша

нысан

**жылғы жағдай бойынша облыстардың,
Алматы және Астана қалаларының бюджеттеріне респубикалық
бюджеттен бөлінген нысаналы ағымдағы трансфертердің, нысаналы
даму трансфертерінің іске асырылуы туралы талдамалы есеп**

Облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың және астананың атауы: _____
Мерзімділігі: тоқсан сайын

мың теңге

ББӘ	Бағдарлама	оның ішінде инвест жоба	Атауы	РБ ____ ж . бекітілген бюджет	РБ ____ ж. нақтыланған бюджет	РБ ____ ж. түзетілген бюджет	РБ есепті кезеңде бөлінгендігі	Есепті кезеңге ЖБ төлемдері бойынша қаржыландыру жоспары	Кабылд міндетт
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
			Нысаналы трансфертердің барлығы						
			оның ішінде:						
			Ағымдағы бағдарламалар						
			...						

		Д а м у бағдарламалары				
		...				
		Кредиттер				

кестенің жалғасы

Орындалу % (11-б./8 -б.*100)	Атқарылмаусомасы (11-б.-8-б)	оның ішінде								
		объективті , бюджеттік бағдарлама әкімшісіне тәуелді емес себептер	оның ішінде						оның ішінде	
			мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша	Е Т К бойынша	өзге ұнемдеу	объективті себептер	субъективті себептер			
14	15	16	17	18	19	20	21	22		

Облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың және астананың
бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органының басшысы _____

(қолы) (Т.А.Ә. қолды таратып жазу)

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2015 жылғы 26 ақпрандағы

№ 129 бүйрүғына

7-қосымша

Бюджеттік мониторинг

жүргізу нұсқауына

14-қосымша

нысан

_____ қаржы жылында бюджеттік бағдарламалардың
іске асырылуы туралы есеп

Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды мен атауы _____

Бюджеттік бағдарламаның коды мен атаяуы _____

Бюджеттік бағдарламаның түрі: мемлекеттік басқару деңгейіне қарай _____

мазмұнына қарай _____

іске асыру тәсіліне қарай _____

ағымдағы/даму _____

1-кесте

Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар		Жоспарланған іс-шараларға қол жеткізе алмау себептері		
Жоспар	Іс жүзінде	1	2	3

2-кесте

Бюджеттік бағдарлама көрсеткіштердің атаяуы	Өлшем бірлігі	Жоспар	І с жүзінде	Ауытқуы (4бағ шегеру 3-бағ.)	Көрсеткіштердің орындалу пайызы (4-баған 3баған*100)	Нәтижелерге қол жеткізе алмау/ оларды асыра орындау және бюджеттік бағдарлама қаражатының игерілмеу себептері
1	2	3	4	5	6	7
Тікелей нәтиже көрсеткіші:						
оның ішінде						
бюджеттік инвестициялық жобалар бөлінісінде:						
Түпкілікті нәтиже көрсеткіші:						
оның ішінде:						
Сапа көрсеткіші :						
оның ішінде						

Тиімділік көрсеткіші:				
оның ішінде				
Бюджет қаражатының көлемі	мың тенге			

Бюджеттік бағдарламалар
әкімшісінің басшысы/
Мәслихат хатшысы/
тексеру комиссиясының төрағасы _____
(қолы) (қолды таратып жазу)
Бас бухгалтер _____
(қолы) (қолды таратып жазу)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК